

Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № А-9/449 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 қыркүйекте № 29834 болып тіркелді

Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақмола облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы " Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № А-6/247 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4852 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақмола облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібінде мен шарттарында:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі "К"-мен белгіленеді.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптер жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі бойынша белгіленеді.

Сонымен қатар Ақмола облысы "С" әрпімен белгіленеді.

Аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолы индексінің " КС" әріптерінен кейін келесідей әріптер меншіктеледі:

Ақкөл ауданы – АК;

Аршалы ауданы – AR;

Астрахан ауданы – AS;

Атбасар ауданы – AT;

Біржан сал ауданы – BS;

Бұланды ауданы – BU;

Бурабай ауданы – BR;

Егіндікөл ауданы – EG;

Ерейментау ауданы – ER;

Есіл ауданы – ES;

Жаксы ауданы – JK;
Жарқайың ауданы – JA;
Зеренді ауданы – ZR;
Қорғалжын ауданы – KR;
Сандықтау ауданы – SA;
Целиноград ауданы – CL;
Шортанды ауданы – SH;
Көкшетау қаласы – K;
Қосшы қаласы – KS;
Степногорск қаласы – ST."

2. "Ақмола облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № А-12/573 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6979 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

аудан, Көкшетау, Қосшы, Степногорск қалалар, облыс әкімінің алғыс хаты;
ақшалай сыйақы болып табылады.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін аудан, Көкшетау, Қосшы және Степногорск қалалар әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) қарайды.";

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, аудан, Көкшетау, Қосшы, Степногорск қалалар, облыс әкімінің алғыс хатын табыстау ПБ салтанатты жиынында жүзеге асырылады.".

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржипаев